

Келес аудандық білім бөлімі  
ЖШС «Уалихан» бөбекжай балабақшасында өткізілген меңгеруші  
жанындағы  
жиналыстың

№ 1 Хаттамасы

Қатысқаны: 19  
Қатыспағаны: 1

18-қазан  
2024 жыл

Күн тәртібінде

1. Күн тәртібінің ұйымдастырылуы
2. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасына енгізілген өзгерістермен таныстыру, ендіру.
3. Жаңа келген балаларды қабылдау, барлық балалардың психологиялық дайындығы.

Сөз алғандар: Ш.Турлыбай  
(мейірбике)  
Г.Байташова  
(меңгеруші)  
Г.Байташова  
(әдіскер)  
Ересек топ тәрбиешілері

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Г.Байташова, жиналысты ашық деп жариялап, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша: бақшаның әдіскері, күн тәртібінің ұйымдастырылуын айтты. Біздің балабақшамызда жаңа оқу жылына күн тәртібі ұйымдастырылған. Әр топ өз жас ерекшелігіне сәкестендіріліп жасалған. Күн тәртібін тиімді ұйымдастыру бала тәрбиесі тұрғысында өте пайдалы. Күндік режимді дұрыс ұйымдастыра білу- баланың өмірге бейімділігін арттырып, жұмысқа қабілетін күшейтеді, денсаулығын жақсартуға әсер етеді, сондықтан тәрбиешілер күн тәртібін дұрыс ұйымдастырып орындауларыңыз шарт деп сөзін аяқтады.

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.Байташова, сөз алды. Жаңа мемлекеттік стандарт талаптарына орай топтардың жұмысын жалғастыру мақсатында Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастырып педагогикалық кадрларға қойылатын талаптармен, олардың біліктілігін арттырып және қайта даярлап, бала дамуының деңгейін жүйелі бағалап қамтамассыз етуіміз керек және нормативтік құжаттарды міндетті түрде орындап мектепке дейінгі тәрбие мен

оқыту ұйымдарының және мектепалды даярлық топтарының педагог кадрлары белгіленген тәртіпте қайта даярлаудан өтеді деді.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер баяндады. Балабақшаға жаңа келген балаларды балабақшаға бейімдеу мерзімінде әр бала әр түрлі сипатта өтеді. Қалай болғанда да ата-анасынан 6-8 сағатқа ажыраудың өзі балаға ғана қиын емес, оның анасы үшін де күйзелісті жағдай. Тәрбиешілер қаншалықты қамқор болса да, олардың ешқайсысы ана махабаты мен оның айрықша ықыласына бөлендіре алмайды, себебі тәрбиешілер екінші ана әрі орта есеппен 15-20 балаға ортақ. Кез-келген ана мұны жақсы түснеді. Балабақшаға бейімделу кезеңі бала мен анаға аса ауыр тимеуі үшін, баланың да, оның ата-анасының да балабақшаның ұнауына көмектесетін қарапайым ережелерді айтып отырдым.

Жалпы балалар арасында «балабақша жағдайына көнетін» және «балабақша жағдайын қабылдамайтын» балалар кездеседі.

Нәтижесінде жаңа келген балалардың балабақшаға бейімделуі біздің балабақшаға үйрене алмай қиналған бала болған жоқ. Барлық балалар тез үйреніп, әр бала өз тобына және тәрбиешісіне бауыр басып кетті. Оған балаларға бақшаның ұнағаны және тәрбиешілердің дұрыс әдіс-тәсілдерді қолданып, жақсы жұмыс жасағандарының нәтижесі. Демек балабақша көркейіп, жақсы жұмыс жүріп жатқандығын көрсетеді, - деп сөзін аяқтап, жиналыс соңында қаулы қабылданып шешім шығарылды.

### Шешімі:

1. Күн тәртібінің ұйымдастырылуы әдіскерге жүктелсін.
2. ҚР «Білім туралы Заңнамасы» бапты оқып үйрену барлық тәрбиешілерге жүктелсін.
3. Жаңа келген балаларды балабақшаға бейімдеу жұмыстарын жандандыру әдіскерге жүктелсін.

Балабақша меңгерушісі:  
Хатшы:



Г. Байташова